



Осыдан екі жыл бұрын, көктемнің көгілдір күндері күлімдей бастаған кезде, қырық екі жасында абзал азамат, ақиық ақын, журналист, аудармашы, композитор, драматург **ДАУЛЕТ ЫРЫСБАЙҰЛЫ** көз жұмды. Қасиетті Кеңшоқының тумасы Дәукең ел аузында **ҚАРА АӘУЛЕТ** есімімен мәңгі қалды...

МЕНІҢ ЖАНЫМ

Ұлым-Қосым,
Қызым-Досым.
Жарым-Маңым,
Елім-Көшім
Барым Осым!

Үйім-Отан,
Биім-Ботам.
Күйім-Құба ғаң
Жиын-Жаһан!
Сыйым-Батаң!

Қосым-Үйім,
Досым-Биім.
Маңым-Күйім,
Көшім-Жиын.
Осы сыйым!

Отан-Арман,
Киём-Қаным!
Осылардан-
Менің жаным!
Осы барым!

ҚАРА ДАУЛЕТ ҺӘМ ҚАРА ӨЛЕҢ

СЕНДЕР МЕНІ
ҚИМАЙСЫҢДАР

Сендер мені қимайсыңдар өлімте,
Пенделік жай мінезі ғөй ерегіс.
Мен сенлерді қимайжатам көрімде,
Көрге дейін көрсететін керек іс!

Менің **мына жұдырықтай жүрегім.**
Жұлкын, сылқин, **таты, тағы дүрсілде.**
Жүрек деген жүре тұрсын тілегім,
Өрбір адам өз кеудесін білсін де!

Аспанға асық менің де бұл жүрегім.
Қоштасатын сөзін айтып қорымына.
Ертең барып орналасам, білемін
Ағып түскен бір жұлдыздың орнына!

Асыққандар неге аңсайды аспанды.
Жердің үсті ол да аспанның асты ғой.
Көбісі анау құрбан етіп жас жанды,
Жаны аспанда, тәнін қабір басты ғой.

Жүрегімнің уытын баса алмадым.
Поэзияда жаңалық аша алмадым!
Ақын болмай, әкім боп кетер едім,
Қасиетті қара өлен. қаша алмадым!

Ақындардың айқындап дара легін,
Бақытына бөлеген бар әлемін
Мен сені сыйлап өтем дүниеде,
Ойларымды ораған қара өлеңім!

Қара бала, қара өленді жағалады,
Талаппен тарлан бозын тағалады.
Қара өлеңнің қасиеті осы шығар.
Жаңа ақын келген сайын жаңарады.

Құпияң мен жұмбағың, ғажабың мың,
Құлы болып кетейін азабыңның.
Анда-санда ақтарып айта салған,
Қара өлең сырындайсың Қазағымнын.

Қалын ел құдіретіңе тағы сенсің.
Қара емес, ақ жүректің ағы сенсің.
Өр жолыңда жарқыраған ғажайыш бар.

СЕН-МЕНСІҢ

Түн тыныш,
Тым-тырыс.
Бұл бір күш,
Бұлқыныс!

Бір сезім,
Білші өзің.
Тіл .. көзін..
Бұл кезін...

Көзің... жас.
Көзде жас...
Сөзім рас,
Сезім мас!

Селк еттің,
Селт еттім.
Мөлт еттің,
Серт еттім.

Көнгенсің,
Әлгенсің.
Сенгенсің,

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН